

Ж.М. Саурықова , Қ.Ө. Тамабаева * ,
Р.С. Елубаева , А.С. Құрманбекова 

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан, Тараз қ.
*e-mail: karakoz14@mail.ru

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Мақалада жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне толық зерттелмей енгізілген жаңартылған білім беру мазмұны талқыланады. Кез келген мазмұнды оқушы санасына сіңіру үшін пәнаралық байланыстың ерекше маңызды екені ғылыми дәлелденген. Бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін жастарды рухани-мәдени және адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу аса өзекті. Мақалада жылдам өзгеріп жатқан әлемде сенімді және табысты болуға қажетті дағдылар мен түсініктерді дамытатын, алған білімді өмірде қолдануға жағдай туғызып, сыни тұрғыдан ойлауға үйретуге бағытталған жаңартылған бағдарламаның ғылыми-әдістемелік негізі талданады. Мақала аясында бастауыш мектепте оқытылатын пәндерді кіріктіру нәтижесінде қажетті педагогикалық шарттар анықталды. Сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдеріне ғана емес, жалпы жаңартылған бағдарлама бойынша оқу үдерісіне жетекшілік ететін мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулар әзірленді. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері жоғары білікті ұстаздар жастардың тәрбиесін сапалы түрде өзгерте алатынын дәлелдеп отыр. Зерттеу мәселесіне байланысты талдау, сұрыптау, сауалнама, сұрақ-жауап, диагностика, педагогикалық эксперимент, математикалық және статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Ұсынылған шарттар Тараз қаласындағы Жамбыл Жабаев атындағы №5 мектеп-гимназиясы базасында 84 бастауыш сынып оқушысының қатысуымен өтті.

Түйін сөздер: пәнаралық байланыс, жаңартылған бағдарлама, педагогикалық талаптар, шарттар, бастауыш сынып, мұғалім, модельдеу.

Zh.M. Saurykova, K.O. Tamabayeva*, R.S. Yelubayeva, A.S. Kurmanbekova
International Taraz innovative institute named after Sherkhon Murtaza, Kazakhstan, Taraz
*e-mail: karakoz14@mail.ru

Pedagogical conditions for the implementation of interdisciplinary connections within the framework of the updated educational content

The article considers the introduction of the still insufficiently studied updated content of education in the educational process of secondary schools. The special importance of interdisciplinary connections has been scientifically substantiated for the purpose of effective assimilation by students of one or another content. The scientific and methodological foundations of the updated program are analyzed, the priorities of which are spiritual, cultural and moral values in the education of young people, the development of skills and ideas that give them confidence and success in such a rapidly changing world, the ability to apply the acquired knowledge in all kinds of life situations from the point of view of critical thinking. Within the framework of the article, the necessary pedagogical conditions obtained as a result of the integration of the subjects of primary school subjects are determined. Along with this, guidelines have been prepared not only for primary school teachers, but also for all teachers leading the educational process according to the updated program. According to the results of world studies in the field of education, it is stated that teachers with a high level of professionalism will be able to improve the knowledge of young people in terms of quality. On the topic of the study, analysis, sorting, questioning, interviews, diagnostics, and a pedagogical experiment were carried out. The methods of conducting mathematical and statistical processing on them are comprehensively applied. The developed system of conditions was tested in experimental and pedagogical work, in which 84 schoolchildren took part on the basis of the N5 school-gymnasium named after Zhambyl Zhabaev in Taraz.

Key words: interdisciplinary connections, updated program, pedagogical requirements, conditions, elementary class, teacher, modeling.

Ж.М. Саурыкова, К.О. Тамабаева *, Р.С. Елубаева, А.С. Курманбекова
Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Муртазы, Казахстан, г. Тараз
*e-mail: karakoz14@mail.ru

Педагогические условия осуществления межпредметных связей в рамках обновленного образовательного содержания

В статье рассмотрено внедрение обновленного содержания образования в учебно-воспитательный процесс средних школ. Научно обосновано особое значение межпредметных связей с целью эффективного усвоения обучающимися содержания образования. Проанализированы научно-методические основы обновленной программы, приоритеты которой связаны с развитием духовных, культурных и нравственных ценностей молодежи, формированием навыков и способностей быть успешными в столь быстро меняющемся мире, умением применить полученные знания в разных жизненных ситуациях с точки зрения критического мышления. В исследовании были выявлены необходимые педагогические условия по интеграции тематик нескольких предметов начальной школы. Наряду с этим, подготовлены методические указания не только для учителей начальных классов, но и для учителей, ведущих учебно-воспитательный процесс по обновленной программе. Использованы методы исследования – анализ, анкетирование, интервью, диагностика, педагогический эксперимент. Применялись методы математической и статистической обработки. Разработанная система условий была апробирована в опытно-педагогической работе, в которой приняли участие 84 школьника на базе школы-гимназии №5 имени Жамбыла Жабаева, г. Тараз.

Ключевые слова: межпредметные связи, обновленная программа, педагогические требования, условия, начальный класс, учитель, моделирование.

Кіріспе

Қазіргі мектеп жүйесіндегі педагогикалық процестің міндеттерін жүзеге асыру мемлекеттік білім беру саясатының принциптері мен негізгі идеяларына байланысты және оның шеңберінде жүзеге асырылады. Сондықтан жаңартылған білім беру бағдарламасы жүйесінде мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетіндегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңа бейнесі мен бағытын айқындау және осы тұрғыда жұмыс жасау міндеті туындайды. Яғни, мектептеріміздегі педагогикалық үдерістерді ұйымдастыруда заман талабы мен сұранысына сай жоғары білікті педагогикалық кадрлардың табиғи қажеттілігі туындайды. Қазіргі заман талабына жаңаша көзқараспен қарайтын және педагогикалық іс-әрекетті жаңаша ұйымдастыра алатын, білім мен оқытуға, тәрбиеге жаңашылдықпен қарайтын ұстаздар жаңа мазмұндағы ғылыми-әдістемелік аспектілерді жан-жақты түсініп, қабылдайды және олардың мамандығын жаңа көзқараспен оқыту және жетілдіру мәселесі өзекті болуда.

Қазіргі педагогикалық мамандықтың мазмұнына педагогика (педагогика мен ұлттық тәрбие және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімділігі), психология (психология мен ұлттық психологияның үйлесімділігі, тіл) тіл және т.б. пәндер (дәстүрлі оқыту әдістері) кіреді және оқытудағы жаңа технологиялар, жаңашылдық тұрғысынан мұғалімнің

ізденімпаздық және шығармашылық іс-әрекеті және мамандыққа байланысты жекелеген пәндер бойынша теориялық білімнің заманауи мазмұны, оның ішінде әртүрлі ғылыми білімдерді кіріктіру, солардың бірі ретінде бағдарланған маңызды міндеттер зерделенуі шарт.

Педагогика, психология, жеке пәндерді оқыту әдістемесінде әртүрлі ғылымдар мен пәндерінің өзара байланысы педагог кадрларды даярлаудың негізгі шарты болып табылады. Өйткені, педагогика, психология, жеке пәндерді оқыту әдістемесі пәндерінде берілетін білімдер мұғалімнің бейнесін айқын көрсететін және нақты білім саласы екенін ескерсек, екіншіден, бұл оқу-тәрбие процесінің мақсаты мен мазмұнына сәйкес әлеуметтік сұраныс пен озық тәжірибеге негізделеді. Сонымен қатар, бұл тұлғаны танудың негізгі ғылымы.

Жоғарыда аталған педагогика, психология және жеке пәндерді оқыту әдістемесі пәндерін кең көлемде оқыту және оларды басқа пәндермен байланыстыру басты міндеттердің бірі болуы керек дейміз.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінде қолданылып жүрген жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес педагогикалық процесті ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негіздері қайта қарастырылып, бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда инновациялық жүйе басшылыққа алынуда. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты

бойынша жаңартылған білім беру – мазмұнды жүйе. Сондай-ақ жаңартылған білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес бастауыш сыныптарда ұйымдастырылатын педагогикалық процестің дидактикалық заңдылықтары жаңаша түсіндірілсе, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін ұйымдастырудағы түрлі педагогикалық қайшылықтар айқындалып, олар шешілді, педагогикалық іс-әрекетті шығармашылықпен ұйымдастыру арқылы оқушы тұлғасын дамытудың жолдары – қазіргі мұғалімдерге қойылатын жаңа педагогикалық міндеттер, олардың жұмысын ұйымдастыру талаптары мен жаңа міндеттері айқындалды.

Теориялық негізі

«Әрбір пәнді бөлек оқыту (дискретті оқыту) маңызды болғанымен, пәнаралық байланыс жаттығулары пәндерді жақсы меңгеруге мүмкіндік береді» деген Каррдың пікірі «білім өзара байланысты құбылыс» деп есептеген Джон Дьюидің еңбегіне негізделген (Carr, 2007) [1].

Оқыту мен оқудағы бұл тұжырым оқытудың конструктивті тәсілімен тығыз байланысты, өйткені оқушылар пәнаралық мәселелерді талқылау үшін бірлесіп жұмыс істейді (Hayes, 2010) [2]. Оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білім жүйесі, қоршаған орта туралы білім жүйесі, қоршаған орта туралы білімнің тұтастығы, оны түсіндіру және оның өзара заңдылықтарын салыстырмалы түрде ашу – олардың өзара тікелей байланысы болып табылады. Дүниенің заттары мен құбылыстарының әртүрлілігі мен құрылымын психолог-ғалымдар Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев, М.Мұқанов және т.б [3-5] ғылыми негізге сүйене отырып, түсіндіреді.

Соңғы жылдары көптеген зерттеушілер жаңартылған білім мазмұны бойынша мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың маңыздылығын, оның ішінде пәндерді интеграциялануы хақында U. Abibullayeva, E. Aitenova, B. Rakhimov, A. Куралбаева, т.б. [6-9] халықаралық деңгейде өз талдауларын жасады.

Қандай бір мазмұнның болмасын немесе қандай жаңартылған технология негізінде білімді түйсіндірудегі жетекші тұлға – мұғалім. Осыған байланысты жаңаша тұрпатты мұғалімдер даярлаудың басым талаптары тұрасында Gabriel ALBU, Anderson L.W., Anderson T.J., Barzun J. [10-14] айтқан тұжырымдары басшылыққа алынады.

Ф.Н. Гोनоболін: «Өзін-өзі тану процесінде

кездесетін құбылыстардың арқасында адам кездескен заттар мен құбылыстарға, сондай-ақ өзіне деген нақты көзқарасты қалыптастырады. Яғни, «менің әлемім» туғаннан пайда болмайды, ол адамның іс-әрекеті мен жағдайларына байланысты, өмірдің түрлі қырларымен қалыптасады» деп жазды (Гоноболін, 1976: 94)[15]. Бұл сыртқы дүниені танудағы білімнің бірінші сатысы.

М.Мұқановтың пікірін саралай келе, бастауыш білім берудің кезеңдік деңгейіне қарай балалардың алған білім жүйесіндегі құбылыстарды топтастыруда оқушының дүниетанымдық білімдерін меңгерте отырып, ой-өрісін дамытуды маңызды деп санаймыз.

Психология ғылымында ойлаудың ең қиын түрі абстрактылы екені дәлелденген. Ол әрқашан заттар мен құбылыстарды тікелей қабылдауға, ойлау қабілетін, дүниетанымын дамытуға, оқушының өзіндік белсенділігіне кедергі бола бермейді. Көп жағдайда бұл жастағы балалар жалпы ойланады. Оқушы ойлаған кезде көрнекі бейнелеу мен қиялға сүйеніп ойлайды. Бұл жастағы мектеп оқушысында абстрактілі ойлаумен қатар ойлау элементтері қалыптаса бастайды. Оқушының сөйлеуі дамып, сөздік қоры артады, өз ойын жүйелі жеткізе алады. Бастауыш сыныпқа алғаш қадам басқан оқушының сөздік қоры оның танымдық деңгейіне сәйкес келеді және бастауыш сыныпта алған білімінің аясында толығымен кеңейеді, яғни осы жастағы балалардың қарым-қатынас жүйесіндегі тілдің орны ерекше маңызға ие болады. Демек, білім алушының сөздік қорын молайту жеке пәндердің оқу материалдарын меңгеру үшін толық және жеткілікті болады деген қорытынды жасалады. Бұдан шығатын қорытынды алты-жеті жастағы мектеп оқушысын мектепке дайындауда алдымен психологиялық дайындыққа, одан кейін жалпы және дидактикалық дайындыққа көңіл бөлу керектігін көрсетеді.

Бұл пікірлерді ескере отырып, сөйлеуді дамыту мәселесін табиғатты қабылдау негізінде ұсыну пайдалы. Қиял заттар мен құбылыстардың санада бейнеленуі деп есептейміз. Сондықтан, біздің ойымызша, мектепте даярлық тобы балаларының санасында шынайы кейіпкердің жарқын бейнесі пайда болуы мүмкін. Қиял тек бақылаудың нәтижесінде ғана емес, табиғатқа серуендеуде, мұражайларды аралауда, саяхаттау кезінде шынайы табиғи түстер палитрасымен жұмыс жасауда, тәжірибелер жүргізуде, оқу тапсырмаларын орындауда да қалыптасады. Мек-

теп оқушысы қоршаған дүниенің құбылыстары мен табиғаты аясында қиялын күшті дамытады, байланыстырып сөйлеуді қалыптастырады және дұрыс дамиды. Оқушының тілді тез меңгеруі – оқушының жас кезінде танымдық, қабылдау қабілетінің баяу болуымен байланысты. Осыны негізге ала отырып, оқушының сөйлеу тілін дамытуды кезеңдерге бөлу баланың психологиялық кешігуін ескеріп, оны қарым-қатынасқа итермелейді деген пікірді негізге алдық.

Оқушының қабылдауы, түсінуі және ойлау процесі тез дамиды, ол абстрактілі бейнеде қабылданатын заттардың атын немесе әртүрлі заттардың мағынасын меңгереді. Бұл қабылдау процесінің дамуы. Кіші жастағы оқушылардың жүйелі қабылдауы жеке пәндерді оқыту мен оқыту нәтижесінде ғылыми тұрғыдан дамып, жетіледі. Осы тұрғыдан алғанда, оқушы алған жалпы білімді пәндердің өзара байланысы арқылы толық қабылдаса, оның ғылыми танымы дамып, өз тарапынан айтып, түсіндіре алатынын түсінуге болады.

Педагогика және психология ғылымдары тұрғысынан зерттеу негізінде 6-7 жастағы оқушылардың коммуникативті сөйлеуінің, дамуының психологиялық кешігуінің себептері мен дамыту мүмкіндіктері тұжырымдалды. Ұсынылған психологиялық жетілдірулердің көпшілігі оқушылардың тілдік дағдылары мен қоршаған әлем туралы білімдерін дамытуға ғылыми негізделіп, оның нәтижелері мектеп тәжірибесінде көрініс тапқанымен, қарым-қатынастың психологиялық негіздеріне баса назар аудару қажеттігін де атап көрсетеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы оның мектепке дейінгі кезеңнен басталады деп санау керектігін көрсетеді.

Оқушының сыртқы дүниемен ғылыми тұрғыдан танысуы – оның сана-сезімін жүйелі және үздіксіз дамыту болып табылады, ал білім беруді пәнаралық байланыстар негізінде ұйымдастыру – оның жеке тұлғасын дамыту үшін қажет.

Бұл кіші мектеп оқушыларының танымдық тұлғасын дамытуды пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асыру, оны қоршаған орта, дүние туралы білімдерін тізбекті тасымалдау заңдылығына бағындыру. Яғни, оқушының танымдық іс-әрекетінің тізбекті заңында алған білім жүйесімен оқу материалын қайталау барысында тілдік қайтарым жүйелі түрде жүзеге асатыны анық. Мұндай ғылыми жүйелеу оқушының

ой-өрісін тілдік тұрғыдан дұрыстайтын үлгілерге жетелейді, дұрыс сөйлеуге, тілдік қатынаста тәртіпке баулиды. Мысалы, Р.С. Немов өз зерттеулерінде: «Ертеде сансыз заттар мен құбылыстар болған. Олардың атын бір ауыз сөзбен атасақ, сөздік қорымыз қиындап, тіліміз адам баласына түсініксіз болып қалады. Ғылыми тілде айтсақ, тілді қарым-қатынас тұрғысынан қолданбас едік. Табиғатта кездесетін жекелеген заттар мен құбылыстарға арнайы атау ойлап табудың қажеті жоқ. Біз қарым-қатынасымызда және ойлауымызда шектеулі сөздерді қолданамыз. Әр сөз тек бір затты ғана емес, сонымен қатар бір типтегі заттардың үлкен тобын да білдіреді» – деп жазады. (Немов, 2003:54)[16].

В.С. Мухина болса, «Оқушының дүниеге көзқарасы оның мінезі мен басқа адамдарға деген көзқарасымен, болашақтағы үміттері мен әсер-ықпалдың жүйесімен анықталады. Оқушы тұлғасын дамытудың екі жағы бар. Бірінші жағы – оқушының өзін қоршаған дүниені түсінуі және одан өзінің ойы қалыптасады. Екінші жағы – сезім мен эмоцияның дамуы. Олар осы мотивтердің тиімділігін, мінез-құлықтың дәлдігін және оның ағымдағы жағдайға тәуелділігін қамтамасыз етеді», – деген ой айтады (Мухина, 2003:214) [17].

Мектеп оқушыларының ойлау қабілетін тану, қоршаған дүние құбылыстарын тану – оны сигналдық жүйелердегі сөздермен сәулелендіру сатысында артады. Сөздің мағынасы ойдан жоғары. Ойды тек тілмен білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар көркемдейді деген Л.С. Выготский болатын. Ол: «Сөз – ой мен тілдің негізгі қосындысы. Сөз жеке заттың атына үстемеленген белгі емес, ол тұрақты зат пен құбылыстың сипатын ашады, сондықтан ойлау әрекетінің нәтижесі болып табылады. Сондықтан ол – тілдік құрал, өйткені, тілдің бір бөлігі. Егер сөз мағынасынан бөлек болса, оның ойлауға да, қарым-қатынасқа да қатысы жоқ. Ал, сөздің мағынасы болса, ол органикалық тұрғыдан ойлау мен тілдің маңызды бөлігі болып саналады», – деп тұжырымдады (Выготский, 2005: 47)[18].

Мәселен, «Табиғатқа деген көзқарастардың жиынтығы, адамның дүниетанымы мен қоғамдық өмірінің негізгі қатынастары, оның жеке адамға, қоғамдық өмірге қатынасы оның дүниетанымының қалыптасуына үлкен әсер етеді. Бұл әсер адамдардың шынайы қарым-қатынасында, олардың қоршаған ортадағы іс-әрекетінде айқын көрінеді», – дей келе, «ғылымилық, жүйелілік және тұтастық,

логикалық, бірізділік және дәйектілік, жалпылық, нақтылық іс-әрекет сақтану ережелерін орындау арқылы қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарымен байланыс орнатылады», – деп психолог В.В. Богословскийдің тұжырым жасауы – жеке дамуда қоршаған орта өзара байланыста және біртұтастық жүйеде ықпалдастық заңы негізінде әсер ететінін айқындайды (Богословский, 1974: 97)[19].

Бұл өз кезегінде кіші жастағы оқушылардың дүниетанымын дамытуда пәнаралық байланыс жүйесімен білім беруді жүзеге асыру қажеттілігін дәлелдейді. Бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланыс негізінде тәрбие мен оқытуды жүзеге асыру – мұғалімнің оқушының танымдық іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыруы, яғни педагогикалық процесті ғылыми-шығармашылық негізде басқару деп тануға болады. Ал, оқушының танымдық ойлауының қалыпты дамуын бақылау, бағалау, яғни алған білімінің нәтижесі – оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастан көрінетіні анық. Бұл қатынастардың негізгі бөлігі тіл екені анық. Пәнаралық байланыстар негізінде алған білімдерін оқушыларға қарым-қатынас арқылы жеткізу – оқушының коммуникативті сөйлеуіне, жатық сөйлеуін дамытуға жағдай жасауға болады. Психологтардың зерттеулерінде тіл адамның практикалық мінез-құлқы негізінде қалыптасатыны дәлелденген. Кез келген адамның түсінігі табиғаттағы заттың немесе құбылыстың қызметі мен мағынасын түсіну арқылы қалыптасады. Түсіну сезімдік-бейнелік қабылдау арқылы және өз кезегінде жеке іс-әрекеттер мен көзқарастар арқылы менгерілетіні дәлелденді.

Жүйелі түрде бастауыш білім беру кезеңінде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың үш аспектісін қарастырдық. Біріншіден, педагогикалық үдерісте пәнаралық байланыс негізінде білім беруді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық болмысының дамуына жан-жақты ықпал ете отырып, олардың дүние туралы түсініктерін тұтастық тұрғысынан қарастырып, байланыстырады. Екіншіден, оқушының танымдық табиғатын дамытудағы сана мен психикалық жүйенің қызметін психология ғылымының заңдылықтарына бағынатын күрделі процесс ретінде қарастыра отырып, оның мәнін ашу, үшіншіден, оқушы тұлғасының даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі ретінде тілдік қатынастың ерекше орнына тоқталдық. Бұл негіздеме-лердің барлығы бастауыш білім беру

кезеңінің ерекшеліктерін және ондағы пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы дидактикалық заңдылықтарды сипаттауға арналған. Бұл пәнаралық байланыстың негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың дидактикалық мәселесі мен оқу-тәрбие процесінің дамытушылық сипаты арасындағы байланыс екенін дәлелдейді (Саурықова, 2018:355)[20].

Қазақстанның қазіргі заманауи қоғамы жағдайында білім беру жүйесін реформалау саясаты аясында оның мазмұндық құрылымын жаңа бағытта қайта қарау және құрастыру – оқыту мен оқу және тәрбие берудің бағытын жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеп, зерттеу – білім беру философиясы әдіснаманың басты идеясы негізінде мән беріліп, педагогикалық үдерістерді ұйымдастырудың жолдарына заманауи талап тұрғысынан қарап шығуды міндеттейді. Өртүрлі қоғамдық құрылымның өзегі ол – ұрпақ тәрбиесі мен оған берілетін білім мазмұнының озық болуы орын алып отырған. Қандай қоғам болмасын білім беру мен оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын болашақ ұрпақ үшін арнайы ұйымдастыруға мән беріп отырған, соның ішінде ерекше орынға ие болатын саты ол – бастауыш білім беру болып табылған. Білім беру мен тәрбиелеудің мазмұндық құрылымы мен бағытын сол қоғамның болашағына және оның құрылымдық жүйесіне сай идеология аясында жүзеге асырып отырған, бұл өз кезегінде саяси-элеуметтік және басқа да қатынастардың бірлігін құрайды. Яғни, даму заңдылығына бағына отырып оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, міндеттері және оны педагогикалық үдерісте ұйымдастыру жолындағы әдіс-тәсілдері сол кезеңге лайықты, өмір сұранысына бағыттталып, түрленіп отырады. Қоғамдық құрылымның даму бағытына адам тәрбиесі жөніндегі ой-пікірлер – теориялар мен тәжірибелер жаңа кезеңдерге үйлесімді болып және ол заманауи жағдайларға сәйкес негізделеді. Бұнда бастауыш білім беру жүйесінің мазмұны өзіндік сипатқа ие болып, шығармашылықпен даму үрдісіне ие болады. Бұл сол қоғамдық құрылымның мазмұндық жүйесінде орын алған өзгерістерге байланысты болып, білім беру бағытының жаңару барысына алып келеді де, жаңаша құру идеясы орын алады.

Мектептердің бастауыш сыныптарында ұйымдастырылатын оқу-тәрбие жұмыстардың мазмұны қоғамдағы өзгерістің ықпалына байланысты болады. Яғни, қоғамдағы білім беру жүйесі – өз дамуында мемлекеттік құрылымның

даму серпініне және оның ішкі қатынастық заңдылықтарымен біртұтастықтағы мәнге ие болады. Бұнда, философиялық диалектиканың даму заңдылығы негізінде білім беру жүйесі де өзгеріске ұшырап, дамып, сатыланып отыратындығы – табиғи заңды құбылыс болып табылады.

Мектептегі білім беруді ұйымдастыруда сыныптық деңгейлердің анықталуы – бастауыш білім беру бағытының өз алдына ерекше педагогикалық мәнге ие болуына алып келді және бастауыш сынып оқушыларының игеретін құзыреттілік түрлерін анықтауға себеп болды. Бұл дегеніміз, қоғамдық құрылымның тарихи даму кезеңдеріндегі білім беру мен оқыту және тәрбиелеу бағыттарының әлеуметтік ортамен тығыз байланыстылығы «бірбүтін ағза» ретінде біртұтастық дүниені құрайтындығын негіздейді. Осы құрылымдық жүйе тұрғысынан келгенде, бастауыш білім беру кезеңі де өзара қабысып дамиды және ұрпақ тәрбиесінде шешуші мәнге ие болатындығы анық. Дамудың, өрлеудің, жаңа өркендеудің негіздеріне сүйене отырып, бастауыш білім де түрленіп, өңделіп, жетілдіріледі. Жаңартылған мазмұндағы білім беру жүйесіне өтуде отандық бастауыш білім берудің теориясы мен тәжірибесі өзгерістерге ұшырап, жаңашылдықтарды педагогикалық үдеріске енгізудің өзіндік ерекшеліктерін басшылыққа алады. Бізде заманауи ғылыми ілімдер мен оның практикалық қол жеткізген жетістіктеріне орай, бастауыш білімнің әдіснамалық, теориялық және тәжірибелік бағыттары сыныптық сатылы деңгейіне байланысты негізделіп отыр. Бастауыш білім құрамына енетін сыныптарда ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістер де, ерекше мәнге ие болып, бұл бағытта педагогикалық қызметті атқаратын мамандарды даярлау ісі де мазмұндық өзгерістерге ұшырады. Осы орайда, қазіргі білім берудің бастауыш сатысындағы оқу-тәрбие бағыттарын ұйымдастырудың теориясы мен тәжірибесін педагог, психолог және жеке пәндерді оқыту әдістемесімен айналысатын ғалымдарымыз ой елегінен өткізіп, заманауи сұраныс талаптарды орындауда педагогикалық үдерістерді жүргізудің жаңашылдық сипатын ұсынып және озық теориялар мен тәжірибелердің мазмұндық құрылымын жетілдіруге өз үлестерін қосуы қажет. Бұл, ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістің түпкі мақсатында ұлттық құндылықтарды енгізу және өмірлік тәжірибеде қолдану мен дәрістеуге алып келеді, сондай-ақ, білім берудің ұлттық,

өзімізге тән нобайын жетілдіруге әрі дамытуға өзек болады.

Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңашылдық мазмұнға ие болуы мен оның дамуы – шәкірттерге кешенді білім беру мәселесін қарастыра отырып, кеңейтілген шеңбердегі білік пен дағдыны қалыптастырып, жетілдіру арқылы олардың жеке тұлғалық болмысы мен адами қасиеттерін заманауи үрдіске сай, үйлесімді дамуына ықпал жасайтын басты күш ретінде анықталып отырғандығы анық. Сол арқылы, оқушылар өмірлік тәжірибеде, күнделікті қарым-қатынастық әлеуметтік ортада кездесетін түйткіл мәселелердің түйінін өздігінен шеше алуға мүмкіндік алады, өмірде өз орнын табуға және әлеуметтенуіне жол ашылады, қабілеттенеді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Жаңартылған оқу бағдарламасымен педагогикалық үдерістің ұйымдастыру мен өткізудегі басты мәселе – оқушыға пәндік, базалық және түйінді құзіреттіліктерін қалыптастыра отырып, әлеуметтік құзыреттілікті шәкірт мүмкіндігінше игеруге баулу – бұл әрине жеке пәндерді өзара байланыстыру арқылы жүзеге асырылатын педагогикалық үдеріс. Бастауышта оқушыларға рухани құндылықтарды танытып, меңгертіп, адами-ізгілік, жеке тұлғаға бағдарланған және өмірлік тәжірибеге жақын білім алуға құзыреттілігін қалыптастырып, дамыту арқылы олардың жеке бейімдік болмыс мүмкіндіктерін ашу. Себебі, әр оқушының өзіне тән жеке даралығын ескеру. Бастауыш сыныптардағы ұйымдастырылып, жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының міндеттері – оқушылардың жеке болмыс ерекшеліктері мен бейімдік даралықтарының ашылып, дамуына мүмкіндік жасау болып табылады. Педагогика, психология ғылымдарында оқушылардың немесе жеке адамның жеке даралық болмысындағы бейімдік қасиеттерін танып, білу мен дамыту көкейтесті мәселе болып отыр. Бұндай ой-пікірді жүзеге асыруда жаңартылған білім мазмұны оның бір факторы болып табылады.

1. Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарында анықталған деңгейлік білімдерді беруде – бастауыштағы білім мазмұны оқушының дара тұлға ретінде қалыптасуына, жеке болмыстық танымдық қабілеттерінің жетілуіне, педагогикалық үдеріске қатысушының танымдық-мотивациялық іс-әрекетін, жоғары сыныптардағы білім

мазмұнының беретін бағдарламаны жетік игеруде оқу, жазу, есептеу, өзбетінше білім алуға ынталы және тілдік қарым-қатынасқа толық түсе алатын, ізденушілік әрекетін өзі ұйымдастыра алатын, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіре отырып – тәртіпті, тәрбиелі, көркем мінез-құлық пен мәдениеттіліктің дағдыларын жетік меңгеруге дайындау. Бастауыш сыныптарда оқушының жеке танымдық болмысында ұлттық салт-дәстүр мен тәлім-тәрбиелік рухани құндылықтар негізімен ізгілік қасиеттерінің және өзінің ортасына жағымды көңіл-күй қатынасының, оқыту мен оқу әрекеттерінде жоғары сезімдік ынтасының болуын қарастырады. Бастауыш білім беру төмендегідей топтастырылған пәндерді құрайды: **1. Тіл және әдебиет:** Сауат ашу, Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу, Қазақ тілі (Т2), Орыс тілі (Я2), Ағылшын тілі; **2. Математика және АКТ:** Математика: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ); **3. Жаратылыстану:** Жаратылыстану; **4. Адам және қоғам:** Дүниетану, Өзін-өзі тану; **5. Өнер:** Музыка, Бейнелеу өнері, Еңбекке баулу; **6. Дене шынықтыру:** Дене шынықтыру – деп негізделген (Білім беру стандарты, 2012) [21].

Заманауи білім беру философиясының мазмұнына сәйкес оқытуды ұйымдастыруды басшылыққа алсақ, онда – білім беруді жаңарту оның сатылық деңгейлерінде ұласымдылық пен сабақтастыққа негізделген әдіснамалық тұғырдың болуын қарастырады. Білімді реформалау ісінде білім мазмұнын зияткерлік, адами-құлықтық және рухани құндылықтарды дамытуды жүзеге асырушы қызметтеріне басым бағыттардың берілуі бұл – жаңартылған білім мазмұны жүйесімен оқытуда пәндердің өзара әсерлесуі мен ықпалдастығын басшылыққа алғандығы болып табылады.

2. Бағдарламаның келесі тиімділігі, Кембридж бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын мұғалімдердің дамып, жан-жақты ашылуына жол ашады: 1/ жаңаша ізденістермен оқыта отырып, зерделей ізденетін, оқушыларға белсенділікпен қамқорлық көрсетіп, ықпал етіп, бағдар беретін мұғалімдер; 2/ әрбір оқушының пәнді түсінуін қалай құру керек екендігін ойлайтындығымен және білетіндігімен санасатын, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірибесін қалыптастыратын, сондай-ақ оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын өрістету мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігі бар мұғалімдер;

3/ оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін білетін, бүкіл оқушылардың бұл өлшемдерге тиісті дәрежеде сәйкес келуіне қолдау көрсететін, ағымдағы білім мен «Біз қайда бара жатырмыз?», «Қандай іс-әрекет жасап жатырмыз?», «Одан кейін не істеу керек?» деген сияқты, оқушылар мойындаған табыстылық өлшемдері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екендігін білетін мұғалімдер; 4/ бастапқы идеядан басқа да идеяларды өрістетіп байланыстыратын және сол идеяларды оқушылар зерделеп, қарастырып, жандандыра алатындай мүмкіндіктерге жол ашатын мұғалімдер. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер қазіргі білім беру саласында қызмет ететіндерге үлкен жауапкершілік артып отыр. Бұл жауапкершілік, ең алдымен, бастауыш сынып мұғалімдеріне жүктелетіні белгілі (Оқу бағдарламалар жиынтығы, 2014–2016) [22].

Жаңартылған білім мазмұны шәкірттердің ғылыми-танымдық білімдерін тереңдетуге, саналы тәрбие беру арқылы түрлі қасиеттерінің жетілуі мен дамуына және тілдік қатынас мәдениетін меңгеруге бағыттау жөніндегі мәселеге баса көңіл аударғандығы анық. Мәселен олар: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым.

3. Ағымдағы жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасының мазмұнына енгізілген 8 инновациялық бағыт бойынша: «білімділік және пәнаралық коммуникацияларды жүзеге асыру мақсатында пән мазмұнын айналдыру принципі бойынша беру, «жалпы тақырыптарды» беру; білім беру деңгейлері арасындағы оқу пәнінің сабақтастығын есепке алуға мүмкіндік беретін толық оқу курсының педагогикалық мақсаттарын қою; оқытудағы жүйелік тиімді ұстаным (оқушының оқу процесіне белсенді қатысуы), оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру; оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру; ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы оқу процесін ұйымдастыру; бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сай, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруына көңіл бөлінеді; Блум таксономиясы бойынша білім беру мақсаттарының иерархиясы» – кіші жастағы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін әлеуметтік ортада оның интеллектуалдық, эмоционалдық, іскерлік, коммуникативті және т.б жаңа педагогикалық тәсілдер негізінде ұйымдастыру және ғылыми дүниетанымын дамыту (қоршаған ортаға ғылыми көзқарасын

қалыптастыру және табиғатпен, басқа адамдармен, өзімен және т.б. белсенді қарым-қатынасқа бейімделу(Әдістемелік нұсқау,2016)[23].

Бастапқы кезеңде оқушының жалпы және психикалық дамуының мұндай жеткілікті деңгейіне жету үшін, ең алдымен, білім беру мақсатының басымдылығын түбегейлі өзгерту қажет: ең алдымен, оқушыны пәндік біліммен қаруландырмай, оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға негіз болып, мақсат қойып, оны басшылыққа алған дұрыс. Білім берудегі оқыту мен оқу әрекеті – адам психикасының дамуына ықпал ететін және тұлға дамуының индикаторлық деңгейлерінің құрылымдық құрамы болып табылатын арнайы ұйымдастырылған танымдық әрекет. Кез келген педагогикалық және тәрбиелік іс-әрекет адамды белгілі бір дәрежеде дамытады. Даму ұғымы философиялық сөздікте: «...мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы», – деп түсіндіріледі (Нұрғалиев, 1996: 26)[24].

4. 4. Жаңартылған білім беру мазмұны құрылымында қазіргі өмір тәжірибесінде кеңінен қолданылатын дағдыларға ерекше мән беріледі. Бұл жалпы дағдылар келесі әрекеттерді қарастырады: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу; АКТ қолдану; коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін тілдік дағдылармен бірге қолдану; топта және жеке жұмыс істеу қабілеті. Ол оқушылардың танымдық іс-әрекетіндегі соңғы жетістіктерін және сабақта оқу мен білімді меңгерудегі белсенділігін көрсетеді. Бұл үдерісте оқушының іс-әрекеті танымдық қызмет атқарса, мұғалім танымдық жұмыстың қозғаушы күші болып табылады. Студенттердің білім деңгейінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, оқу материалдарындағы білім жиынтығын меңгеруге ынталандыру керек. Оқыту мен оқу мақсаты педагогикалық процеске қатысушылар үшін «оқушы» және «мұғалім» болып бөлінеді, оған жету үшін әрбір мұғалім өзінің педагогикалық қызметін ұтымды ұйымдастыруы қажет(Білім беру стандарты,2018) [25]. Бұл бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіне жаңашылдықпен қарау, шығармашылықпен қарау кезінде бастауыш білім беру кезеңінде оқу-тәрбие үрдісінің сапалық деңгейін жаңа бағытқа көтеруді талап ететін педагогикалық құбылыс. Білім берудегі оқу іс-әрекеті процесінде оқушы тұлғасының даму сапасы мұғалім қолданатын әртүрлі әдіс-тәсілдердің өзара байланысына, бастауыш білім

беру кезеңін ұйымдастырудағы дидактикалық заңдылықтарды сақтау мен жүзеге асыру талаптарына байланысты. Мұғалім өз іс-әрекетін шығармашылық бағытта ұйымдастыру үшін ең алдымен өз іс-әрекетінің мәнін түсіне білуі керек.

Мәселен, бастауыш білім беру кезеңіне 6-10 жас арасындағы оқушы-балаларды қамту мен мектептің бастауыш сыныптарына қабылдауда болған өзгерістердің мәніне ғылыми-теориялық тұрғыдан қарасақ:

1. Бастауыштағы оқытылатын оқу материалдарының жүйесі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу сатысының жақындай түсуі. Яғни, бастауыштағы оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастырудың мазмұндық құрылымы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан өзгерістерге ұшырайтыны анық. Себебі, алты және жеті жастағы балалардың болмыстық бітімінің /анатомиялық, физиологиялық/ дамуында жасына орай ерекшеліктердің болатыны анық, бұны ескеру қажет.

2. Мектепке дейінгі мекемеде оқыту мен тәрбиелеу сатысына арналған бағдарлама мен бастауыштағы оқу бағдарламалары арасындағы үйлесімділік пен сабақтастық жаңа деңгейге көтерілді.

3. Оқушының жеке бас дамуына қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптық ережелері де мазмұндық жағынан өзгерістерге түседі және оларды қабылдау мен орындауға үйренеді.

4. Бастауыштағы жаңартылған білім мазмұны бұрынғы бастауыш мектеп бағдарламаларына қарағанда күрделі өзгерістерге түсті. Бастауыштағы білім беру мен оқытудағы педагогикалық үдерісте кешенділік орын алып, басымдық ортақ тақырыптар негізінде пәнаралық байланыста «шиыршық» әдісімен ұйымдастыру.

5. Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқу бағдарламаларының мақсаттары өзгертілді / оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым /.

6. Бастауыштың жаңартылған білім мазмұнында: оқу, жазу, есептеу, тілге бейімдеу – үш тілділікке үйрену, қарым-қатынас және информатикалық алғашқы білім. Оқушының өзіндік шығармашылық әрекеті мен ізденушілігіне мән беріліп, өздігінен білім алуға машықтану, көркем мінезді-құлыққа тәрбиеленіп, мәдениеттілік пен ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіре отырып, әлеуметтенуге бейім, өмірдегі қиындықтарды өз бетінше шеше алуға бейім, т.б. ауқымды

дағдыларды игерген құзырлы оқушы тұлғасын қалыптастырып, дамыту басшылыққа алынады.

7. Жаңартылған білім негізінде педагогикалық үдерістерді ұйымдастыру мен өткізудегі жасалған ғылыми негіздемелерде ең бастысы тәрбие мәселесі басшылыққа алынып оның өзегі ұлттық болмыстың аясында құндылықтарды жүзеге асыру қажет [Қоянбаев 2006; 16].

Бастауыштың сыныптық деңгей сатысына сәйкес оқушының жеке тұлғалық болмыс қабілеттерін оның жас ерекшеліктеріне үйлесімді дамытуда мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті жетекші орын алады. Бастауыштағы оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны – оқушылардың жеке тұлғалық болмысының дамуында оқу материалдарын – алғашқыда, мұғалімнің басшылық-көмегімен түсіну, кейіннен, ізденушілік қабілеттерінің жетілуі мен шығармашылықпен ойлауы, өзiгiнен бiлiм алу мүмкiндiктерiне машықтануы – мұғалімнің педагогикалық үдерісті бастауышқа қойылатын дидактикалық талаптар жүйесінде ұйымдастыра отырып оқушылармен достық және ынтымақтастық қарым-қатынастар орната алуында және бұл басты шарт болып табылады.

Мәселен, «Бастауыштағы оқыту мен оқу іс-әрекетін ұйымдастыру төмендегідей жалпы дидактикалық ұстанымдарына ие болады.

1-сыныпта педагогикалық үдерістегі оқыту мен тәрбиелеу – тікелей мұғалімнің басшылығымен;

2-сыныптың педагогикалық үдерісінде оқыту мен тәрбиелеу және оқу іс-әрекетіне баулу, тапсырмаларды жеке орындау біліктілігін игеру (оқушының өздігінен білім алу) мұғалімнің жетектеуімен;

3-сыныптың педагогикалық үдерісінде оқыту мен тәрбиелеу және оқу іс-әрекетіне баулу, тапсырмаларды жеке орындай алу біліктілігін толық деңгейде меңгеруі (оқушының өздігінен білім алу) – мұғалімнің қадағалауымен;

4-сыныптың педагогикалық үдерісінде оқыту мен тәрбиелеу және оқу іс-әрекетіне баулу, тапсырмаларды жеке орындай алу біліктілігін жоғары деңгейде меңгеруі (оқушының өздігінен білім алу) – мұғалімнің бағыттаушылық нұсқауымен.

Өйткені, бастауыштағы жаңартылған оқу бағдарламасы оқушының өзбетінше білім алудағы оқу әрекетіне деген ұмтылысын дамыту басшылыққа алынған. Бұны бастау-

ыш сыныптарда оқытудан – оқу іс-әрекетіне көшудің дидактикалық талаптары және ғылыми-әдістемелік жүйесі ретінде түсініп, мұғалім педагогикалық қызметінде басты ұстанымдық бағдар деп ескеруі қажет. Бұл, педагогикалық іс-әрекеті ұйымдастыруда мақсат қою және соған қол жеткізудегі кәсіби қызмет жұмысының бағыт-бағдары. Педагогикалық үдерістегі қойылған мақсатты орындауда әрекет түрлерін топтастырып, дидактиканың заңдылықтарына бағындырып жүзеге асыру тиіс. Бұдан бастауыштағы оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы тәрбиелілік, оқу-танымдық, мотивациялық іс-әрекетін қарастырсақ.

Бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық болмысын қалыптастыру мен дамытуда ескерілуі қажет мәселелер:

1. Оқушының жеке даралық қабілетін ашу, жаратылыс әлемі жайында ғылыми білім беру, оқу-танымдық әрекетін жас ерекшелігіне сай ұйымдастыру, дағдыларды меңгерту, ғылыми-дүниетанымдық түсінігін дамыту;

2. Білімалуға ынта-ықыласын шоғырландыру, білік пен дағдысын дамыту арқылы өмірге баулу да тәрбие мен білім алудың, оқудың біртұтастық әрекет екендігін түсіндіру;

3. Оқу-тәрбие мен білім алу жұмыстарында оқушылардың ынталық, ғылыми-танымдық қызығушылықтарын, ізденушілік ынта-жігерін дамыту.

Жоғарыдағы баяндалған мәселелерді іске асыруда және оның тиімділігін анықтау барысына қатысты пайда болатын қарама-қайшылықтарды анықтап жою керек:

- теория мен тәжірибе жайлы озық ой-пікірлерді педагогикалық үдерісте пайдалану, педагогикалық технологияларды түрлендіре отырып оңтайлы қолдану;

- ғылымдардың интеграциялануы негізінде жеке пәндердің әсерлесу мен оқу материалдарының кіріктірілу тәсілдерін қолдану. Қолданысқа енген атаулық-ұғымдардың мағынасын терең түсіну;

- педагогикалық үдерісті басқа ғылымдар /философия, әлеуметтану, психология, жеке пәндерді оқыту әдістемесі./ және т.б. ғылымдардың теориялық ілімдерімен толықтыру және педагогикалық тәжірибе ауқымын кеңейту;

- білім беру мен оқыту және тәрбиелеу барыстарын жетілдіру үшін педагогика ғылымының теориясымен және практиктер арасындағы ғылыми-әдістемелік байланысты күшейту және т.б.



1-сурет – Пәнаралық байланыс негізінде бастауыштағы педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудағы ғылыми заңдылықтары мен педагогикалық шарттарын анықтаудың нобайы /модель/.

Мұғалім кәсіби қызметіндегі ұйымдастыратын әрекеттері:

- білім беру мен оқытудың және тәрбие берудің мақсаттарын жобалау;

- педагогикалық үдерісті білім беру стандарттарының талаптарына үйлесімді құрастыру;

- оқу материалдарын даярлау арқылы педагогикалық үдерісті жобалау және педагогикалық тәжірибеде ақпараттық ортаның мүмкіндіктерін қолдану;

- оқушылардың оқу материалдарды игеруіндегі танымдық әрекеттерін ұйымдастыру және басқару;

- оқушылардың ғылыми-танымдық әрекеттерінде дамудың «жақын зонасына» қол жеткізу;

- құзыреттіліктерін қалыптастырып, дамыту және жағымды көңіл-күй туғызу, психологиялық қолдау көрсету.

Қазіргі бастауыш білім беру жүйесінде орын алған жаңартылған білім мазмұнды оқу бағдарламалары негізінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы, оқушылардың жеке тұлғалық болмысын қалыптастыру мен дамыту және қоршаған орта мен әлемдік дүниенің жаратылысын ғылыми тұрғысындағы түсінікті, біртұтастық жүйеде қалыптастырудың нобайын /моделін/ құрастыру мақсаты көзделген болатын. Дегенмен, зерттеу тақырыбының қойған мақсатын анықтаудағы туындаған болжамның растығына және дәлелденуіне қол жеткізу барысында пәнаралық байланыстың педагогикалық шарттарының мазмұндық жүйесін ашып, зерттеу тақырыбымыздың аясындағы жеке мән берілетін мәселе тұрғысынан қарау қажеттілігі туындап отыр. Бұл болжамдаған немесе күтілетін қорытынды нәтиженің құрылымдық-құрамасын білдіретін жүйе тұрғысында қабылдауға негіз болады. Сондықтан, жаңартылған білім мазмұны аясында бастауыш сыныптарда пәнаралық байланысты жүзеге асыруды ғылыми тұрғыдан негіздеп, әдістемелік жүйесін қалыптастырудың нобайын жасамастан бұрын, оның басты бағыты болып табылатын жаңа білімдер негізінде бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық болмысының дамуына педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудағы ғылыми заңдылықтары мен педагогикалық шарттарын анықтаудың нобайын жасау қажеттілігі орын алды (сурет 1).

Нобайдағы ғылыми заңдылықтардың жалпы мағынасы: **Мазмұндық** – оқу жоспарында ұсынылатын материалдар жүйесі және

әртүрлі ғылымдардың интеграциясы негізінде көрінетін құбылыс ретінде жекелеген пәндер мазмұнындағы жинақталған білімдердің өзара байланысын меңгеруге мүмкіндік туғызады. Оқушының жеке тұлғасын дамытуда жеке тұлғадан жалпыға қарай – жалпыдан жекеге, т.б. ойлау, интеллект, қызығушылық пен іс-әрекет дербестігі артады – білімде бірлік бейнесін қалыптастыруда бағыт-бағдар береді, әлемді немесе қоршаған ортаны түсіну. **Мақсатты-мотивациялық** – ортақ тақырыпқа бағынатын білімге қызығушылық; «шиыршық» жүйесі арқылы берілген жан-жақты білімнің маңыздылығын сезіну және игеру; әр түрлі ғылыми салалардағы оқу пәндерінің мазмұны жағынан тұтастықты қамтамасыз ететін танымдық жүйе тұрғысынан қарым-қатынас жасау, ынта-жігерін арттыру. **Іс-әрекеттік** – белсенділік-танымдық бағыттағы жалпы тақырыптар жүйесімен бастауыш мектепте жеке пәндер бойынша білімді меңгеру; дүние туралы ғылыми білімге негізделген алғашқы білімдер жүйесін меңгеру; оқушының жеке тұлғасын дамытуда танымдық білім және оларды өмірлік тәжірибемен ұштастыру, өзін-өзі тәрбиелеу туралы түсініктерін қалыптастыру.

1-шарт: Оқу пәндері саласында өзара қарым-қатынастың болуы – ғылымның әртүрлі салаларын меңгеру кезінде тілдік қарым-қатынас ерекшеліктерін ескеру және күрделі білім/оқыту түрінің болуы – жаңа білімді меңгеру, тәрбиелеу, дамыту. Бұл бастауыш сыныпта кездесетін пәнаралық байланыста әр түрлі ғылыми ұғымдар жүйесі бар оқушылар білімдерін қалыптастыруға, ауызша және жазбаша нормаларды меңгеруге, бейнелі тілдік құралдарды қарым-қатынастың әртүрлі жағдаяттарына сәйкес пайдалана білуге үйренеді. Қазақтың ұлттық дүниетаным жүйесінде де танылған оқу технологиясының танымдық іс-әрекеттегі сипатындағы дүниетаным логикасын сауаттылығы мен сөздік қорын молайтумен салыстыра отырып, оқушыларға ана тілі арқылы білім беруге баса назар аударылады.

2-шарт: Оқытудағы жүйелілік ақиқат пен шындық тұрғысынан дүние танымындағы білім мазмұнының негізгі құнды бөлігі. Бұл: оқудағы жүйелілік – оқу мен оқуды қамтамасыз ететін тәрбие мен оқытудың талабы. Жаңа оқу материалы алдыңғы оқумен бекітіледі. Тәрбиелік талаптардың орындалуы оқу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Жаңа материалды бергенде мұғалім әрқашан оқушылардың алған

біліміне сүйену керек. Бұл олардың жұмысын жандандырады, бұрын оқылған материалды қалпына келтіреді және оның оқушы санасынан берік орын алуына көмектеседі. Бұл талаптың практикада қолданылуы оқыту ережелері қарапайымнан күрделіге, жақыннан алысқа, жеңілден қиынға, нақтыдан абстрактіліге қарай орындалғанда байқалады. Бастауыш мектептің оқу жоспарлары мен бағдарламалары оқыту реттілігін қатаң сақтай отырып құрылады, ал оқудағы жүйелілік пәнаралық байланысты жүзеге асыруда ерекше маңызға ие.

3-шарт: Жан-жақты танымдық білім беру және сауықтыру білім беру саласында жеке пәндерді топтастыруда ортақ тақырыптардың болуын білу – бұл: оқушылардың ақыл-ой және жігерлік қабілеттерін, дүниетанымын, имандылық, мінез-құлық, қоғамдық өмірге және еңбек салаларына дайындықты меңгеруі, ғылыми білімдердің, білімдердің, дағдылардың, көзқарастардың және шығармашылық әрекеттердің барысы. Білім мен тәрбиенің қайнар көзі ретінде шиыршық жүйесімен оқу-тәрбие жұмысында теория мен практиканың байланысын түсіну жолы, мәдениеттің жан-жақтылығы оқушыларды өмірге дайындаудың маңызды шарты болып табылады.

4-шарт: Студенттердің оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарын кешенді түрде жүзеге асыруға ықпал ететін пәнаралық ұйымның әдістемелік және инновациялық жүйесін пайдалану мыналар болып табылады: шындықты танудың практикалық немесе теориялық салыстырмалы біртекті әдістері мен құралдарының жиынтығы, нақты міндеттерді шешу. Педагогикалық инновацияларды қолдану үдерісін құру, қабылдау, бағалау, дамыту, басқару және жеке пәндерді оқыту саласындағы әдіс-тәсілдерді сауатты және сауатты қолдану, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеттерін адекватты түрде шеше білу.

5-шарт: Тәрбие мен тәрбие процестерін кәсіпке байланысты ізгілендіру – бұл: тәрбие мазмұны, нысаны мен әдістері бойынша рухани-адамгершілік және ізгілендіру идеяларын тарату; оқу-тәрбие процесі арқылы адамның еркін және жан-жақты дамуын, оның қоғам өміріне белсене араласуын қамтамасыз ету. Әрбір студенттің рухани бай, технократия мен адамгершілікке қарсы тұра алатын тұлғасын дамыту мақсатында жаратылыстану-математикалық, гуманитарлық-эстетикалық тәрбие мен оқу пәндерінің цик-лдары арасында үйлесімді тепе-теңдікті орна-

ту. Оқушы тұлғасының берік және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін өмірдегі құндылық қатынастарды қалыптастыру. Оқушының жеке басының іс-әрекеті мен ой-өрісіне жоғары сипат беруге қабілетті парыз, әділдік, шындық, жауапкершілік, т.б. өсіру.

6-шарт: Пәнаралық байланыста әрбір оқушының тұлғалық ерекшеліктерін дамыту және оқыту мен тәрбиелеуде бірлескен ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыру: пәнаралық байланысты жүзеге асыруға қатысатын тұлғалардың үнемі өзара әсер ету жағдайында бола білу. педагогикалық процесс қажет – бұл жеке, ұжымдық және топтық жұмыс. Оқу-тәрбие процесінде ол оқушының әлеуметтенуін, өзара әрекетін, жеке және ғылыми-танымдық қызығушылықтарын біріктіреді.

7-шарт: Пәнаралық байланыс – мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі шығармашылық және педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру және белсенділік – бұл: мұғалімнің оқу-тәрбие процесінде, студенттермен қарым-қатынасында, оқу-тәрбие процесінде тиімді және стандартты емес педагогикалық шешімдерді жасайды және жүзеге асырады, жеке пәндердің оқу материалдарының өзара интеграциясы. Кәсіби шығармашыл мұғалім терең және жан-жақты білімнің болуымен, оларды сыни тұрғыдан өңдеп, мәнді түсінуімен ерекшеленеді; теориялық және әдістемелік принциптерді педагогикалық іс-әрекетке көшіру қабілеті; өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру, жаңа әдістер, формалар, тәсілдер мен құралдар және олардың өзіндік үйлесімі, диалектикасы, қызмет жүйелерінің вариативтілігі, жаңа жағдайларда бар тәжірибені пайдалану тиімділігі; өз іс-әрекеттері мен нәтижелерін рефлексивті түрде бағалау қабілеті; білім мен интуиция негізінде түрлендіру мүмкіндігі; бірнеше мәндерді көру мүмкіндігі.

8-шарт: Оқушылардың тәрбиелік, дамытушылық және тәрбиелік деңгейін анықтау, пәнаралық байланыста студенттердің іс-әрекетін жүзеге асыру және диагностикалау бұл: педагогикадағы пәнаралық байланыс құбылысын талдау – мұғалімнің өзі оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері мен жағдайын зерделеу; педагогикалық құбылыстардың комбинациясы арасындағы себепті байланыстар, оқушыларға білім мен тәрбие беруді жетілдіру жолдарын одан әрі анықтау үшін. Педагогикалық талдау қызметтері: / диагностикалық, когнитивтік, трансформациялық, өз бетінше білім алу/, педагогикалық үдерістегі

пәнаралық байланыс шарттарын объективті және жан-жақты зерттеуді қамтамасыз ететін оқытудың өлшенетін көрсеткіштерін есепке алу тәсілі; танымдық процесте болатын барлық өзгерістерді анықтау тәсілі. Диагностика бақылаудан (тексеруден), бағалаудан, статистикалық мәліметтерді жинаудан, оларды талдаудан, серпін мен бейтараптылықты анықтаудан, әрі қарай даму болжамдарын құрудан тұрады (Қоянбаев, 2006) [26].

Ұсынылған шарттар Тараз қаласы, Жамбыл Жабаев атындағы N5 мектеп-гимназиясының базасында 84 бастауыш сынып оқушысының қатысуымен өтті.

Қорытынды

Жоғарыдағы схемада келтірілген педагогикалық шарттар ұйымның құрамдас құрылымының тұлғалық, танымдық-мазмұндық бағыттарының заңдылықтарына және пәнаралық жүйеге негізделген оқу материалдарындағы білімді басқаруға негізделген жүйелі және дәйекті түрде жалғасын табуда. Мұнда жаңа білім негізінде оқушылардың жеке басының дамуына ықпал ету кешенінің тұтас бейнесін қалыптастыруда пәнаралық байланыс шарттарын өз бетінше қарастыру мен анықтаудың

жүйелі сипатын көрсетуге мүмкіндік туды. Бұл өз кезегінде біздің зерттеу жұмысымыздың ғылыми-теориялық және практикалық мазмұны негізінде жаңартылған бастауыш мектептің білім беру мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының құрылымдық-мағыналы нобайын жасауға негіз болды. тақырыбы және осы бағытқа бағытталған.

Жаңартылған білім беруді ұйымдастыратын оқу бағдарламасында оқушылардың ғылыми-танымдық білімін кеңейтуге, әлеуметтенуге, педагогикалық деңгейлерді барлық білім беру түрінен меңгеруге бейімділігін арттыру арқылы қарым-қатынас, оның ішінде тіл мәселелерінің басым болуы жұмыстың тиімділігін арттырады. педагогикалық процесті ұйымдастыруда студенттер мен оқытушылар арасындағы. Мысалы, оқу жоспарындағы пән мазмұнын меңгеруге қолдау көрсету үшін пән мұғалімдері пәннің академиялық тілін меңгеруге қолдау көрсетеді, бүкіл оқу бағдарламасы бойынша студенттер өз құрдастарымен, мұғалімдермен және кеңірек қоғамдастықпен өзара әрекеттеседі. жазбаша да, ауызша да, құралдардың толық спектрін және академиялық тілді дұрыс пайдалана отырып, бұған қолдау көрсетілетіні атап өтілді.

Әдебиеттер

1. Carr, D. (2007). Towards an educationally meaningful curriculum: epistemic holism and knowledge integration revisited. *British Journal of Educational Studies*, 55(1), 3-20.
2. Hayes, D. (2010). The seductive charms of a cross-curricular approach. *Education 3-13*, 38(4), 381-387.
3. Тәжібаев Т. Жалпы психология: Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰУ университеті, 1993. –240 б.
4. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. Өңделіп, бесінші басылуы. – Алматы: Эверо, 2004. – 378 б.
5. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1982. –247 б.
6. Elmira, A., Laura, S., Tursynay, A., Zhazira, A., & Aigerim, B. (2018). Formation of the future teacher's readiness to professional activity in the dual-oriented education conditions. *Journal of Intellectual Disability-Diagnosis and Treatment*, 6(3), 110-114.
7. Abdigapbarova, U., Smanova, A., Rakhmetova, N., Abdurahmanova, G., & Uaidullakzy, E. (2014). Scientific basis of the formation of students' interest in the labor (on the basis of the Kazakh national clothes). *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 136, 421-424.
8. Rakhimov, B., Uteyeva, K., Abdigapbarova, U., Baikulova, A., & Sadirbekova, D. (2019). Formation of Civil Activity at School children teenagers in the Process of Out-Of-Class Activity. *Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales*, (89), 242.
9. Куралбаева А. А. Интегрированные уроки в начальных классах //DEVELOPMENT OF THE CREATIVE POTENTIAL OF A PERSON AND SOCIETY. – 2014. – №.17. – С. 118.
10. Gabriel ALBU Teachers – at the Turn of Times, Romania. *Astra Salvensis*, VI (2018), no. 12, p. 275-290
11. ALBU, G., & COJOCARIU, V. M. (2018). Teachers--at the Turn of Times. *Astra Salvensis*, 12, 275-290
12. Anderson LW.(2001). Increasing teacher effectiveness,193.
13. Anderson, L. W., Ryan, D. W., & Shapiro, B. J. (Eds.). (2013). *The IEA classroom environment study* (Vol. 4). Elsevier.
14. Anderson, T. J., & Amatetti, E. J. (1997). Technology plans: a smart investment. *American Water Works Association Journal*, 89(4), 124.
15. Barzun, J., & Philipson, M. (1991). *Begin here: The forgotten conditions of teaching and learning*. Chicago: University of Chicago Press.
16. Гоноболин Ф.Н. Психология. – Алматы: Мектеп, 1976. – 256 с.

17. Немов Р.С. Психология. В 3-х кн. Кн.1.: Общие основы психологии: Учебник для студентов высш. пед. учеб. заведений 4-е изд. – М: ВЛАДОС, 2003. – 688 с.
18. Мухина В. С. Возрастная психология: Феноменология развития, детство, отрочество. – М: Академия, 2003. 456 б.
19. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М: ЭКМОС, 2005. – 512 с.
20. Богословский В.В. Психология воспитания школьника: учеб.пособ. для пед.ин-тов – Л: Ленингр.гос.пед.ин-т им. А.И. Герцена, 1974. – 164 с.
21. Saurykova, Z. M., Ybyraimzhanov, K., & Mailybaeva, G. (2018). Implementation of interdisciplinary relationships in education on the basis of science integration. *Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales*, (85), 353-385.
22. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.
23. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектептің (1-4 сыныптар) жеке пәндерге арналған оқу бағдарламалар жиынтығы. – Астана, 2014-2016 жж.
24. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 257 б.
25. Нұрғалиев Р.Н. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 42 б.
26. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысы adilet.zan.kz (15.03.2018)
27. Қоянбаев Р.М., Ыбыраимжанов Қ.Т. Жалпы бастауыш білім беру мазмұнының даму болашағы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2006. – №1 (10). – Б.15-17.

References

- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысы adilet.zan.kz (15.03.2018) [On making changes and additions to the Resolution No. 1080 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated August 23, 2012 “On the approval of the state mandatory educational standards of the relevant levels of education”. Resolution No. 327 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 25, 2015 adilet.zan.kz (15.03.2018)] (in Kazakh)
- 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 257 б. [About the peculiarities of the organization of the educational process in general secondary education organizations of the Republic of Kazakhstan in the 2016-2017 academic year. Methodological instruction letter. – Astana: Y. National Academy of Education named after Altynsarin, 2016. – 257 p.] (in Kazakh)
- Abdigapbarova, U., Smanova, A., Rakhmetova, N., Abdurahmanova, G., & Uaidullakyzy, E. (2014). Scientific basis of the formation of students’ interest in the labor (on the basis of the Kazakh national clothes). *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 136, 421-424.
- ALBU, G., & COJOCARIU, V. M. (2018). Teachers--at the Turn of Times. *Astra Salvensis*, 12, 275-290
- Anderson LW.(2001). Increasing teacher effectiveness,193.
- Anderson, L. W., Ryan, D. W., & Shapiro, B. J. (Eds.). (2013). *The IEA classroom environment study* (Vol. 4). Elsevier.
- Anderson, T. J., & Amatetti, E. J. (1997). Technology plans: a smart investment. *American Water Works Association. Journal*, 89(4), 124.
- Barzun, J., & Philipson, M. (1991). *Begin here: The forgotten conditions of teaching and learning*. Chicago: University of Chicago Press.
- Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.[On the approval of the state mandatory education standards of the relevant levels of education. Resolution No. 1080 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated August 23, 2012.] (in Kazakh)
- Bogoslovskij V.V.(1974). Psihologija vospitaniya shkol'nika[Psychology of upbringing of a children].Leningrad.
- Carr, D. (2007). Towards an educationally meaningful curriculum: epistemic holism and knowledge integration revisited. *British Journal of Educational Studies*, 55(1), 3-20.
- Elmira, A., Laura, S., Tursynay, A., Zhazira, A., & Aigerim, B. (2018). Formation of the future teacher’s readiness to professional activity in the dual-oriented education conditions. *Journal of Intellectual Disability-Diagnosis and Treatment*, 6(3), 110-114.
- Gabriel ALBU Teachers – at the Turn of Times, Romania. *Astra Salvensis*, VI (2018), no. 12, p. 275-290
- Gonobolin F.N.(1976).Psihologija[Psychology]. Almaty.(In Russian)
- Hayes, D. (2010). The seductive charms of a cross-curricular approach. *Education 3–13*, 38(4), 381-387.
- Jaryqbaev Q.(2004). Jalpy psihologija[General psychology]. Almaty. (in Kazakh)
- Kuralbaeva A. A.(2014). Integrirovannye уроки v nachal'nyh klassah[Integrated lessons in elementary grades]//DEVELOPMENT OF THE CREATIVE POTENTIAL OF A PERSON AND SOCIETY, no 17, p. 118.(in Russian)
- Muhina V. S.(2003). Vozrastnaja psihologija: Fenomenologija razvitiya, detstvo, otrochestvo[Adolescent psychology: Phenomenology of development, childhood, childhood].Moscow. (In Russian)

- Mūqanov M.(1982) Jas және pedagogikalyq psihologia[Age and pedagogical psychology]. Almaty. (in Kazakh)
- Nemov P.S. Psihologija.(2003). Obshhie osnovy psihologii: Uchebnik dlja studentov vyssh. ped. ucheb.zavedenij [General foundations of psychology: A textbook for students of higher education. ped. educational institutions] .Publishing house VLADOS. (In Russian)
- Nūrǵaliev R.N.(1996). Filosofialyq sözdik[Philosophical dictionary]. Almaty. (in Kazakh)
- Orta bilim beru mazmūnyñ jañartu aiasynda bastauyş mekteptiñ (1-4 synyptar) jeke pānderge arnalǵan oqu baǵdarlamalar jiyntyǵy. – Astana, 2014-2016 jj. [A set of training programs for individual subjects of primary school (grades 1-4) within the framework of updating the content of secondary education. – Astana, 2014-2016.] (in Kazakh)
- Qoianbaev R.M., Ybyraimjanov Q.T.(2006) Jalpy bastauyş bilim beru mazmūnyñ damu bolaşaǵy[The future of the development of the content of general primary education] .Bulletin of Abay KazNPU, vol.10, no 1, pp.15-17.(in Kazakh)
- Rakhimov, B., Uteyeva, K., Abdigapbarova, U., Baikulova, A., & Sadirbekova, D. (2019). Formation of Civil Activity at School children teenagers in the Process of Out-Of-Class Activity. *Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales*, (89), 242.
- Saurykova, Z. M., Ybyraimzhanov, K., & Mailybaeva, G. (2018). Implementation of interdisciplinary relationships in education on the basis of science integration. *Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales*, (85), 353-385.
- Tājibaev T. (1993). Jalpy psihologia[General psychology] . Kazakh university. (in Kazakh)
- Vygotskij L.S.(2005). Psihologija pazvitija pebenka[Development psychology of children].Moscow. (In Russian)